

# ЖАСЫРЫН ШОТТАР АНЫҚТАЛҒАНЫМЕН, ИЕСІНІҢ ЕСІМ АНЫҚТАЛМАДЫ

Жемқорлықпен күрес – «Ақ жол» партиясының басымды бағыттарының бірі, оның парламенттік фракциясы оффшорсыздандыру мәселесін өздерінің депутаттық сауалдарында 2013 жылдың 5-наурызында, 3-сәуірінде, 25-қыркүйегінде, 2014 жылдың 16-сәуірінде – барлығы 10 шақты рет көтерді. Бұл жолғы сауалда Consortium of Investigative Journalists журналистік зерттеу Халықаралық қауымдастығының мәліметтері келтірілген, оған сәйкес Қазақстаннан оффшорлық аймақтарға 2011 жылы шығарылған қаражат сомасы 138 млрд. доллардан асып кеткен. Ағымдағы жылдың ақпан айында дәл осы ұйым «HSBC» банкінің швейцарлық бөлімшесінде бұрын мұқият жасырылып келген мыңдаған құпия шоттар табылғандығын хабарлады.

Ұлыбританияның Қаржы министрлігінің ресми ақпараты бойынша бұл елдің құқық қорғау органдары бай клиенттерге салықтан қашуына көмек болған «HSBC» банкідегі құпия деректерді тексеруді бастады. Алаяқтықтың жалпы сомасы 180 миллиардтан астам еуроны құрады.

Баспасөзде хабарлағандай, Қазақстанның 82 азаматына тиесілі 251 банктік шот табылды. Соның екеуі – белгілі бизнесмендер, алайда көрсетілген банктегі қалған 80 шот иелері аталмаған. Бұл шоттарда барлығы 435 миллион доллар болған. Ең ақшасы көп клиенттің 145 миллион доллары бар көрінеді.

«Бүгінде бұл қаражаттардың басқа мемлекеттің пайдасына тәркіленуі қаупі бар, – деп атап өтті Азат Перуашев. – Бұған байланысты мынаны анықтау маңызды – бұл шоттар атап айтқанда кімге тиесілі және олардың шыққан тегі заңды болып табыла ма? Егер де бұл қаржылардың жемқорлыққа

«Ақ жол» ҚДП «HSBC» банкі швейцарлық бөлімшесінен табылған құпия шоттардың қазақстандық иегерлерінің аттарын жария етуді талап етті. Бұл туралы Мәжілістің пленарлық отырысында Азат Перуашев мәлімдеді. Фракцияның депутаттық сауалы Бас прокурор Асхат Дауылбаевтың атына жіберілді.



қатысты күдіктенуге негізі бар болса (мысалы, сәйкеспейтін мөлшердегі жалақысы бар шенеуніктерге тиесілі болса), онда оларды алып, Қазақстан Республикасының пайдасына қайтаруға тырысу керек.

*Қазақстанның 82 азаматына тиесілі 251 банктік шот табылды. Оның екеуі – белгілі бизнесмендер, алайда көрсетілген банктегі қалған 80 шот иелері аталмаған. Бұл шоттарда барлығы 435 миллион доллар болған. Ең ақшасы көп клиенттің 145 миллион доллары бар көрінеді. Бұл шоттар атап айтқанда кімге тиесілі және олардың шыққан тегі заңды болып табыла ма? Егер де бұл қаржылардың жемқорлыққа қатысты күдіктенуге негізі бар болса (мысалы, сәйкеспейтін мөлшердегі жалақысы бар шенеуніктерге тиесілі болса), онда оларды алып, Қазақстан Республикасының пайдасына қайтаруға тырысу керек.*

«Ақ жол» елімізден заңсыз шығарылған қаражаттарды қайтару, әділеттілікті қалпына келтіру ғана емес, сонымен қатар қаражаттарды шет елдерде жасырмай, отандық экономикаға инвестициялауға мүмкіндіктер

беріліп отырғанын еске салды. Егер де шоттардағы қаражаттар заңды иелеріне тиесілі болып және жария бизнесте жасалған болса, онда мемлекет оларды қорғауға жәрдемдесуі тиіс деп санайды.

«Ақ жол» депутаттарынан құрылған «Kazakhstan Financial Integrity Center» қаржылық қоғамдық қоры «Журналистік тергеу халықаралық консорциумына» тиісті сауал жіберді. Алайда мұндай ақпарат тек қана ресми мемлекеттік органдарға беріледі деген жауап алынды. Осыған байланысты «Ақ жол» ҚДП фракциясы Бас прокуратурадан Ұлыбритания мен Швейцарияның уәкілетті органдарына Қазақстан азаматтарының ішінен аталған шоттардың иелерінің толық тізімін беру туралы сауал жасауды сұрайды.

«Қарапайым азаматтар мен кәсіпкерлерге қатысты банктік құпия принциптеріне құрметпен қараумен қатар, оның күшін орасан зор мемлекеттік қаражаттарға билік жүргізіп отырған Үкімет мүшелері, мемлекеттік органдар және мемлекеттік компаниялар жетекшілері үшін жою қажет, – деп атап өтті Перуашев. – Мұндай ұсыныстар Қылмыстық жолмен тапқан ақшаны сыртқа шығарумен күрес жөніндегі Халықаралық топтың (ФАТФ) ұсыныстарында да бар, оларды Қазақстан, ФАТФ қатысушысы ретінде 2015 жылдың қарашасына дейін іске асыруы қажет.

«Ақ жол» депутаттары аталған шаралар біздің қоғамда жемқорлыққа қарсы іс-қимылды және ақша айналымының тазалығын қамтамасыз ету бойынша маңызды қадам болады деп есептейді. «Ақ жол» ҚДП парламенттік фракциясы сайлауалды тұғырнамасын және сайлаушылар аманаттарын орындауды іске асыру жөніндегі жұмысын жалғастырады.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Мұнай бағасы көтеріледі

Мұнай бағасы қайтадан барреліне 100 доллар болуы мүмкін. Бұлай деуге алдағы жылы АҚШ-тағы өндіріс көлемінің азаюы деп есептеген BP Capital LLC хедж-қорының негізін қалаушысы, сарапшы Бун Пикенс пайымдауда.



BP Capital-дың энергетикалық секторға инвестиция құятын екі қоры мұнай сатып алады деп мәлімдеді хедж-қордың бас инвестициялық директоры Дэвид Мини: «Біз барреліне 100 доллар болатын мұнай бағасы қайта оралмайды деп ойлайтындардың қатарынан емеспіз. Қысқа мерзімді бағалардың кері серпілу мүмкіндігіне қарамастан, болашақта

өндірісті дамыту үшін мұнай бағасының жоғары болуы керек», – дейді.

WTI мұнайының бағасы алты жылда максимал деңгей – 40 пайызға көтерілді. Бұл көрсеткіш ағымдағы жылдың наурыз айында байқалды. Д.Минидің болжамы бойынша, мұнай бағасы 2015 жылдың соңына дейін барреліне 70 доллар болып көтерілуі мүмкін.

АҚШ Энергетика министрлігінің бағалауы бойынша, елдегі мұнай өндірісі өткен аптада тәулігіне 9,37 млн баррельді құраған. «АҚШ мұнай өндірісі өзінің шыңына шықты деп ойлаймыз. 2015 жылдың соңына қарай елдегі мұнай өндірісінің көлемі өткен жылдың көрсеткішімен бірдей болуы мүмкін», – дейді Д.Мини. WTI мұнайының маусым айындағы фьючерсі Нью-Йорк тауар биржасында (NYMEX) электронды саудасында 0,4 долларға төмендеп (0,67%), барреліне 59,48 долларды құрады. Brent мұнайының шілде айындағы фьючерсі ICE Futures лондон биржасында 0,22 долларға азайып (0,33%), барреліне 66,48 доллар болды.

## Ауылда бизнесті дамытуға жағдай жасалынды

Бұған дейін елді мекендегі кәсіпкерлердің жүргізетін шаруасы қатаң іріктеуден өтсе, енді оларға салалық шектеу қойылмайды. «Яғни тұрғындардың немен айналысатыны маңызды емес, бастысы мақсат айқын болу керек.

Мамандардың айтуынша, Үкімет бірқатар салалық бағдарламаларды біріктіріп, бірегей жоба әзірледі. Құжат әсіресе ауыл-аймақтарда, шағын және моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуды көздейді. Бұл ретте қаржылық қолдауға ерекше көңіл бөлінген. Мәселен өз ісін бастауға 20 млн. теңгеге дейін қаржы алғандардың несиесі 85 пайызға дейін кепілдендіріледі. Сондай-ақ, бір кәсіпкер 3 млн. теңгеге дейін грант ала алады. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін биылдың өзінде қазынадан 56 млрд теңге қаржы бөлінді. Айта кетейік, жыл басынан бері еліміз бойынша 115 мың кәсіпкер тіркеліпті. – Жаңа бизнес бастамаларың бұған дейін белгілі бір салалық шегі болса, енді ауылдық мекендерде бағдарламаға сәйкес

салалық шек қойылмайды. Яғни қандай сала болмасын, кәсіпкер ауылда немесе шағын, моноқалаларда бизнесті бастайтын болса, онда олар ешқандай салалық шексіз субсидияға қол жеткізіп, кепілдемеге де қол жеткізе алады, – дейді «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры АҚ» басқарушы директоры Ғабит Лесбеков.



# Еуразиялық Одақтан игілік көрудің жолы

## Меморандум мәні

Меморандумға сәйкес, енді бірлескен жұмыс тобы құрылып, ол қазақстандық кәсіпкерлерге қарсы бағытталған адал емес бәсекелестік, сыбайластық мәмілелер, сондай-ақ Еуразиялық одақтың трансшекаралық нарықтарында өндірушілердің үстем жағдайын теріс пайдалануы фактілерін әшкерелеумен айналысады. Соның негізінде жиналған материалдар тергеу-зерттеу жүргізуі, шара қабылдауы үшін Еуразиялық экономикалық комиссияға (ЕЭК) тапсырылатын болады. Осылайша, Одақта отандық өндірушілердің құқығы мен мүдделері қорғалмақ.

– Қазақстан үшін электр қуаты, темір жол қызметі, азық-түлік өнімдері, өнеркәсіптік өндіріс салалары аса маңызды, – деді ЕЭО-дағы өкіліміз, министр Н.Алдабергенов. – Бұл ретте біз өнімдердің көбін Ресей мен Беларусьпен, үшінші елдерден аламыз. Сондықтан өз нарығымызды мықты қорғауға тиіспіз. Төл нарығымызға өзге елдерден әріптестеріміздің енуіне рұқсат еткен екенбіз, онда тең жағдайлар туғызылуға тиіс. Олардың алпауыттары тарапынан теріс пайдалану, кемсіту-дискриминация фактілеріне жол берілмеуі керек!

Оның мәліметінше, адал емес бәсекелестік жүргізген компанияларға 3,7 миллион теңге айыппұл салынады. Трансшекаралық нарықтарда ымырала-су арқылы жергілікті өндірушіні жолдан шығаруға күш салған компаниялар тауарды өткізуден түскен пайдасының 15%-ына дейінгі қаржысынан айырылады.

## Роуминг дауы

Еуразиялық одақ 2015 жылғы 1 қаңтарда құрылғандығы мәлім. Сонымен бірге оған мүше елдердің ұлтүстілік монополияға қарсы органы да іске қосылды. Оның қызметін ЕЭК атқарады. Бұған қоса, Минскіде ЕЭО соты жұмысқа кірісті, ол Одақ туралы келісім мен осы Одақ органдарының шешімдерін орындау кезінде туындайтын дауларды қарайды.

Бұл ретте, әсіресе, мүше елдердің шекаралас аймақтарындағы жағдайға үлкен мән берілмекші. Кеше айтылғанындай,

Алдағы уақытта Еуразиялық экономикалық одақтың басты органы мен «Атамекен» ұлттық палатасымен бірге, адал емес бәсекелестікпен күресетін болды. Таяуда Астанада осы екі құрылым бірлесіп кеңесі өткізіп, онда Еуразиялық экономикалық комиссияның Бәсекелестік және антимонополиялық реттеу жөніндегі министрі Нұрлан Алдабергенов ҰҚП басқарма төрағасы Абылай Мырзахметовпен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.



Қазақстан мен Ресейдің шекаралас аудандарында шамамен 20 миллион адам (оның 5 миллионы – біздің елімізде) тұрып жатыр. Олар «ұялы байланыс роумингін қымбаттығы проблемасына жиі маңдай соғады» екен:

– Қазақстандық абонент өз Отанында ұялы телефонмен 1 минут тілдесу үшін 7 теңге төлейді. Алайда Ресей шекарасын кесіп өте салысымен, ол осы қызмет үшін 20 есе қымбат – 150 теңге төлеуге мәжбүр, – деді Нұрлан Алдабергенов. – Бүгінде төрт ел арасында жұмыс тобы құрылған. Ол осы мәселені қарап, жұмыс жүргізуде. Біз ұялы байланыс операторларымен келіссөз жүргізетін боламыз. Олардың еш ұтылмайтынын айтамыз: роуминг бағасын бірте-бірте төмендетсе, трафик өседі де, эксперттік бағалау бойынша олардың табысы 79 миллиард теңгеге артады. Соның ішінде қазақстандық

операторлардың табысы шамамен 24 миллиард теңгеге өсуге тиіс.

ЕЭК жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстары көрсеткеніндей, роуминг тарифтерінің халықаралық деңгейге дейін төмендеуі нәтижесінде үш ел тұтынушылары 5,5 миллиард теңгеге дейін ақшаларын үнемдей алады. Соның ішінде 2,2 миллиарды – қазақстандық абоненттердің үлесіне тимек.

## Әуе билеті және кір жуатын ұнтақ

Тағы бір алаңдатып отырғаны – өзара әуе байланысы екен. Еуразиялық одақ министрінің дерегінше, мысалы, өзара бәсекелестік «Эйр Астана» мен ресейлік «Трансаэро» әуекомпаниялары «Мәскеу-Астана» бағытындағы билет құнын 50-60 мың теңге шамасында бағалайды. Ал ара-қашықтығы бұдан ұзақтау «Мәскеу-Қарағанды» бағытында сол «Трансаэро» отандасы «Аэрофлотқа» бәсеке құрайды және ұшу құны екеуінде 22-25 мың теңге тұрады. Тұтынушылар үшін

тарифтердегі мұндай айырмашылықтың себептері еш түсініксіз!

Елімізде кір жууға арналған ұнтақ өндірісін дамыту қажет. «Синтетикалық кір жуу құралдары нарығында Қазақстанның төл өндірісі небәрі 6%-ды ғана құрайды, ал 70%-ы Ресейден жеткізіледі. Қалғаны – өзге елдерден әкелінеді. Мұндай жағдайда жоғары баға белгілеп, соны ұстап тұру, нарықты аумақтарға бөліп алу бойынша картельдік келісімдер жүруі ықтимал. Мәселен, Еуропалық одақта 2002-2005 жылдары ұнтақтар шығаратын ірі өндірушілер Procter & Gamble, Unilever және Henkel арасында бағалық ымыраласу орын алған. Оны Еуропалық комиссия 300 миллионнан астам евро айыппұл салу арқылы ақыры тыйды» дейді ЕЭК министрі.

Сонымен бірге Еуразиялық одақтың басты органы сырттан импортталатын тауарлардың ресми дилерлер мен тәуелсіз жеткізушілердегі бағаларының алшақтығына да назар аударуда. «Мысалы, Қазақстандағы танымал көлік түрі «Тойота Камри 40»-тың отын сүзгісі (топливный фильтр) ресми дилерде 22 мың теңге, ал өзге сауда орындарында 12 мың теңге тұрады, – деді Нұрлан Алдабергенов. – «Катерпиллар» маркалы арнайы техниканың «С-27 10R7244» қозғалтқышы Ресейде, Қазақстанға қарағанда 55 мың долларға арзан! Бұл баға айырмашылығы қайдан туған? Бұл қаралуы керек. Шетелдік дәрі-дәрмектер де елімізде ең кем дегенде 2 есе және одан да қымбат сатылады» деді ол.

Сондықтан республика «параллельді импортқа» жол ашпақ. Яғни Қазақстан тіркелген дистрибуторлық желілерді айналып өтіп, шетелдік өндірушілердің өнімдерін өз бетінше сатып алуға қол жеткізбек. Н.Алдабергеновтың айтуынша, осының нәтижесінде елімізде алда біраз заттың бағасы арзандай бастауы мүмкін.

Әлем бойынша экономикалық интеграцияға негізделген 300-ге жуық одақ бар. Тәжірибе көрсеткендей жұмыла әрекет еткеннен ешкім де ұтылмады. ҚР Үкіметі де бәсекеге төтеп берудің барлық амалын жасауда. Отандық кәсіпкерлердің мүддесі қорғалып, жан-жақты сараланғандығын айтты мамандар.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар



Қараңыз, КазТАГ ақпараттық агенттігі жария еткен төмендегі деректерді оқысаңыз төбе шашыңыз тік тұрады. Отандық энергия өндірушілер электр қуатын Қазақстан халқына екі есеге (!) қымбат бағаға сатып отыр екен. Ал, біздің елде өндірілген қуаттың қызығын көріп отырған... Ресей федерациясы! Нақтылайық, ел аумағында өндірілген электр энергиясын ішкі тұтынушылар басқа, әрине, жоғарғы бағада тұтынса, көрші елге тасымалданатын дәл осы қуаттың құны оларға екі есе арзан бағада ұсынылады. Жаға ұстататын деректер ұзынқұлақтан емес, Еуразиялық экономикалық

комиссиясының бәсекелестікті реттеу мен монополияға қарсы коллегиясының мүшесі Нұрлан Алдабергеновтың аузынан шықты. Оның айтуынша, Ресейге тасымалданып отырған және көрші елден Қазақстан аумағына жеткізілетін электр энергиясының бағасында жер мен көктей айырмашылық бар. «Бізді, өз отанымызды патриоттары ретінде бұл мәселе қатты алаңдатып отыр», – дейді Алдабергенов мырза.

Салыстырмалы түрде алып қарайық, өткен 2014 жылы Екібастұздағы ГРЭС-1 өндірген энергияның әр кВт/сағаты 4,95 теңгеге бағаланып Ресей-

## Қашанғы Ресейге жем боламыз

Отандық баға нарығының барлық бағытындағы қымбатшылыққа халықтың бойы үйреніп қалған. Бұқараның бақырдың орынына батпандап төлеп жатса да, әйтеуір осы елдің қазынасына түседі ғой деп тәубе ететіні тағы бар. Былай қарасаң, бәрі дұрыс! Тек, біздің теріміз тамшылап тапқан табысымыз текке кетіп жатқандай екен...

ге жөнелтілсе, Қазақстан үшін бұл баға — әр кВт/сағатқа 8 теңге болып белгіленген. Әрі көрші елге өндірілген қуаттың 14 пайызы (!) жоғарыдағыдай жарты бағасына сатылып, қазақ қуаты орыс қалаларындағы «Ильич шамдарынан» нұр болып төгілген болып шығады. Мұның себебін түсіндіруге сөз таппай отырмаймыз. Біздіңше, бұл еліміздің энергетикалық қауіпсіздігіне төнген қатер! Һәм отандық қуат көзін өндірушілер тарапынан негізгі, ішкі тұтынушыларға қарсы бағыттаған экономикалық «собатаж...»! Басқаша баламалы сылтау көріп тұрған жоқпыз. Бәлкім, білгір мамандар бөгделеу сипаттама бере алатын шығар, біздікі мәлім болған мәліметтерді жария ету ғана.

Айтпақшы, экономикалық одақтасымыз өз аумағында өндірген электр қуатын Қазақстанға дәл жоғарыдағыдай, екі есеге қымбатқа тағы сатып отыр. Өйткені, еліміздің батыс аймағы әлі де ресейлік қуатқа тәуелді... Осыны шебер пайланған орыс энергетиктері

Батыс Қазақстан облысына бөлетін электр энергиясының кВт/сағатын 28,77 теңге мен 13, 24 теңгеден бағалап, жеткізуде. Ал, дәл осы ресейлік ГРЭС-тер өндірген энергияның ішкі нарықтағы бағасы біздің валютаға шаққанда 10,02 теңгеден аспайды екен. Әрине, әділетсіздік... Тек, осы экономикалық экспанция мен монополиялық агрессияны заңдық тұрғыдан реттеуге қатары көбейіп жатқан ЕАЭО-дағы басқа әріптестердің ынтымағыты бола қояр ма екен? Әлде, басымдыққа ие Ресей ықпалында қала береміз бе? Бұл сұраққа жауапты біз тауып бере алмаймыз енді...

Жалпы, кез келген елдің тәуелсіздігі өз тұрғындары мен өндірістік аумағын толыққанды электр энергиясымен қамтамасыз етумен бағаланатыны ақиқат. Лениннің төңкерістен кейін елді жаппай «нұрмен» жабдықтауға неліктен жанталаса тырысқандығын түсінген боларсыз енді...

# ЭКОНОМИКАНЫ ҰЛТТАНДЫРУ – ҰЛЫ ІС

Биыл Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына кіреді. Бұл жайында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі мәлімдеді. Кейбір экономистер әлден-ақ, «бұл ұйымға мүше болуға отандық бизнес қауымдастық дайын емес» деген пікір айтып жатыр. Қазақстан мұнай-газ және тау-кен саласы сервистік компаниялар одағы төралқасының төрағасы Рашид Жақсылықов өз ойын ортаға салды.

## Бір күндік компаниялар көп

– Рашид Хасенұлы, «ҚазСервис» деген Одақ бар екенін естігенімізбен, оның атқарып жатқан жұмысынан бейхабармыз. Алдымен осы туралы айта кетсеңіз. Әлде бұл Одақ бүгін әлдекімдердің қалтасы үшін қызмет етіп, ертең жоқ болатын «біркүндік» жоба ма?

– Жоқ, бұл ешқандай мемлекеттік жоба емес. Одақ құруға біздегі жағдайдың өзі мәжбүр етті. 2011 жылы «Болашақ» бағдарламасымен оқып келген жастар мұнай-газ сервис саласын зерттей бастайды. Сол кезде түрлі қиындықтарға кездеседі. Мысалы электр жүйесін жабдықтайтын компания құрып, қомақты тендер ала қояйық деп «ТШО» компаниясына барады. Ал олардың талабы қатаң. «Алдымен квалификациялық талаптан өтіндер, содан кейін тендерге қатыстырамыз» дейді. Зерттеп қараса, қаражаны, білімсіз адам өте қоюуы ауыр дүние. Қожайын шетелдік болғаннан кейін міндетті түрде ағылшын тілін білу керек. Құжаттың бәрін ағылшын тілінде толтыру керек. Ал енді 5 трактор, 10 жұмысшысы бар қазақтың отандық компаниялары (көп қой ондайлар) қайдан жетсін ондайға? 1 адам, 2 адам болып бұл мәселені шеше алмайтын болғаннан кейін «Қазсервис» мұнай-газ сервис саласындағы индустрияны дамыту Одағы құрылды.

## – Одақта қазір қанша мүше бар?

– Одақта қазір 100 ден астам компания бар. Қазір мұнай-газ сервис индустриясы саласында жұмыс істеп жатқан компаниялардың 60 пайыздайы біздің мүшесіміз. Одақтың құрылуына тек қана отандық компаниялар мен қазақ азаматтары ұйытқы болды деу артық сөз. Шетелдік

компаниялардың да көмегі көп болды. Негізінен сараптама және тәжірибе алмасу бағытында. Мысалы, голландықтық, италиялық, норвегиялық, немістің жігіттер қазір бізге кеңесші болып отыр. Өйткені олардың неше жылдық тәжірибелері бар.

– Сіздің айтуыңызша, Одаққа тек 60 пайыз компания мүше. Әрине, кіру, кірмеу өз еріктерінде ғой, бірақ 40 пайызы қайда?

– 40 пайызының қайда екенін айтайын. Біздің мемлекетте 1 күндік компаниялар өте көп. Бір жобаға дайындалады, сол жобадан әуіптірдеп «субподряд» алады, істейді, 2-3 жылдан артық өмір сүре алмайды. Келесі жобаға ілінбейді ғой. Олар аға іздейді, көке іздейді. Бірден жеке басының жағдайын ойлайды да қаражаты ары қарай жетпей қалады. Құрып кетеді. Ондай мысалдар көп.

## Откат орға жығады

– Шетелдік инвесторлардың тендер жариялаудағы талаптары қандай? Біздегі «аға-көке», «10-20-30 проценттік «откат» өте ме?

– Жоқ олардың талаптары мүлде бөлек. Тендерге қатысушы компаниялардың білімін, міндетті түрде компанияның тұрақтылығы, қаржылай дербессіздігі бірінші орынға қойылады. Өйткені, олар өндірісін дамытып, пайда тапқысы келіп отыр. Себебі, ол өзінің қалтасынан шығып жатқан қаржы. Өз қаржысына адам қамқорлықпен қарайды ғой. Ал мердігерліктен аса алмай жүрген біздің кейбір компаниялар мемлекеттің қаржысынан пайда көргісі келеді, бірақ өзінің мемлекетке пайдалы екенін дәлелдей алмайды. Міне айырмашылық



– Қазығы қағылып, қабырғасы тұрып, шатыры жабылғанда дейсіз ғой?

– Ал шетелдік компанияның тәртібі бөлек. Қандай да құрылыс жұмысы жер қазудан басталады. Жерді жобаға сай қазып біткеннен кейін ол бүге-шігесіне дейін тексеріліп, жұмыс қабылданады, ақшасы төленеді. Одан кейін бағанасын қағады. Оны қактың, тексеріліп, қабылданды ақшаң төленді. Бір күн де ұстамайды. Тапсырушыға ыңғайлы. Тендерді алған компания жұмысынан шикілік тапса, келісім-шартты бірден тоқтатады. Біздің бір күндік компанияларда 10 жұмысшының жетеуі ауырып жатады. Техникасы келмей қалады. Тендер алдым деп 10 күн жуады. Сөйтсе, 11-күні тапсыру керек. Көзіміз көріп жүрген жағдай осы.

## Жобалау жұмыстары елімізде жасалауы тиіс

– Сіз айтып отырған жағдайлар азаматтық құрылыс саласында көп кездеседі. Өндірістік құрылыс қандай деңгейде? Біздің компаниялар қаншалықты қауқарлы?

– Өндірістік құрылысқа бейімделген компаниялар біздің елде жоқтың қасы. Біздің Одақтың мақсаты осындай компанияларды қолдау көрсетіп, дамыту, нарыққа бейімдеу. Шетелдік инвесторлар беріп отырған өндірістік құрылыстағы тендерлерге қатысуына жол ашу және дүниежүзілік өндірістік-құрылыс саласындағы компаниялармен бәсекелесетін деңгейге жеткізу. Екінші күрделі мәселе, шетелдік компаниялардың болашақ даму жоспарындағы жобалау жұмыстарын отандық компаниялардың үлесіне беру. Егер жобалау жұмыстары Қазақстанда жүргізілетін болса, миллиардтаған доллар қаржы осында қалады. Бұл біріншіден. Екіншіден, егер жобалау жұмысын отандық компаниялар алса, жобалау ба-рысында жұмысты құрылыс жұмысын атқаратын және құрылыс материалдарын алатын көздері ретінде қазақстандық компанияны кіргізетіні хақ. Сонымен біз, отандық компаниялардың тендерде жеңіске жетуіне үлкен мүмкіндік тудырамыз.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Жұрттың қаржысы жеке компания басқармақ

Ұлттық Банк Ұлттық ақыры Бірыңғай зейнетақы қорындағы активтерді басқарудың бір бөлігін жеке компанияларға беретін болды. Бұл туралы Алматыда өткен исламдық қаржы қызметі кеңесінің саммитінде Ұлттық банк төрағасы Қайрат Келімбетов хабарлады.

Қазір еліміздің бас қаржы институтының ма-мандары Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіндегі әріптестерімен бірлесіп, зейнетақы туралы заңға толықтырулар еңгізу жай-

Келімбетовтың пікірінше, жеке зейнетақы қорларының бірігуінің арқасында еліміз ірі зейнетақы дағдарысына жол бермеуге. Сондай-ақ, Ұлттық банк Ислам облигациясының эквивалентіне айналған құнды қағаздарды шығаруды көздеуде. Ол еліміздегі бюджет жетіспеушілігін жабуға мүмкіндік бермек. Келер жылдың басында жүзеге аспақшы. Тіпті, еліміздің заңнамасына осы тұрарсында өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

– Биыл кіріс көзі 6-8 пайыз шамасында тұрақтайтын инфляция деңгейінде болады деп жоспарлап отырмыз. Сондықтан бұл мемлекеттік және банк секторындағы құнды қағаздарға салым жасаудың ашық және тиімді құралы деп білемін. Және келер жылдан бастап зейнетақы активтерін басқару ісін жеке компанияларға береміз. Ал ол өз кезегінде корпоративтік секторларға ден қойып, халықтық IPO сынды бағдарламаларды дамытуға бағыттайды, – ҚР Ұлттық банкінің төрағасы Қайрат Келімбетов.

## Мүлікті жария етудің тиімділігі

Жыл соңына дейін созылатын бұл шара ел экономикасына қаншалықты тиімді? Ұтарымыз қайсы? Міне, осы сұрақтарға жауап іздеп көрейік. Заңға сәйкес капиталды жария етудің бұл сатысына ақша да, басқа да активтер – бағалы қағаздар, жылжымайтын мүліктер жатады.

Заң қабылданған кезде сарапшылар капиталды жария етудің нәтижесінде 12 миллиард доллардай қаражат көлеңкелі экономикадан заңды айналымға түседі деп болжаған. Бұл – Үкіметке үлкен көмек. Қазіргі кезде капиталды, ақшалай активтерді жария етуге қатысты Ұлттық банк мынадай талаптарын қойып жатыр: Шетелден ақша келетін болса, банктерден депозиттік шот ашылып, қаржы сол шотқа салынады. Оның құпиялығы сақталады. Оған Үкімет ешқандай жаза қолданбайды. Мүлікті жария етудің мақсаты – шетелде жатқан қаражаттарды отандық банктерге алып келіп, депозитке салса «Оны қайдан алдың? Қандай жолмен таптың?» деген Үкімет тарапынан әкімшілік жаза қолданылмайды. Әрине, заңдастыруға жатпайтын капиталдар бар. Мысалы, қылмыстық жолмен, ұрлықпен, жемқорлықпен тапқан капитал заңдастыруға жатпайды.

Шетелден қайтып келген қаражаттың Ұлттық экономиканы көтеруге, отандық өндірісті жандандыруға жұмсалыуы сияқты механизмдері заңда қарастырылған. Айталық, шетелден ақша әкелдіңіз бе, біріншіден, мемлекет қазір «Самұрық-Қазынаның» құрамындағы кейбір активтерді жекешелендіріп жатыр. Ақша месі сол жекешелендіруге қатыса алады. Бұл шетелден келген қаржының заңды жұмсалыуының бір бағыты. Екіншіден, IPO бағдарламасына қатыса алады. Үшінші бағыты – «Самұрық-Қазынаның» құрамында Ұлттық компаниялардың бағалы қағаздарына салуына болады. Осы сияқты бағыттар заңда көрсетілген.



Осының арқасында отандық компаниялар дамиды. Қазір қалай? Өкінішке қарай, жобалау жұмыстары шетелде атқарылып жатыр. Құрылыс материалдары өте қымбатқа түсіп жатыр. Өйткені, алыстан тасылды. Одақтың тағы бір жұмыс бағыты, ол шетелдік компаниялардың өз зауыттарын елімізде салуына көмек көрсету. Салынған зауыттар елімізде қалады. Қазіргі таңда құрылыс нарығындағы көрініс бізді қуантып отырған жоқ. Жетістігіміз де бар. Тұрғын үй салып үйрендік, бірақ өндірістік құрылыс кенжелеп қалды. Ендігі назарды осыған аудару керекпіз. Көпке топырақ шашудан аулақпын, тұрақты, жүйелі жұмысы бар компаниялар да бар және дамып жатыр. Біз отандық компаниялардың даму жолын қарап отырамыз, сараптап, мониторинг жасаймыз. Оларда тек өсу прогресі бар.

#### – Мысал келтіріңізші...

– Атырауда Ибрагим Акдрашев деген азамат бар. «Нефтестройсервис» деген компаниясы бар. Қарапайым мысал келтірейін, ол жұмыстың алғашқы сатысын «ТеңізШевройл» компаниясына ұсақ-түйек, қағаз тасудан бастады. Алғашқы кезде бізде тіпті қол сұртетін қағаз да шықпады ғой. Бұл азамат ойлана келе тапқан-таянғанына қағаз шығаратын шағын цех салды. Кейін осы компанияның асханасына Ташкенттен қияр-қызанақ таси бастады. Бірақ қашанғы бірінен алып, біріне тасып, делдал болады? Сөйтіп жылыжай салып алды. Одан кейін шұжық, бұқтырылған ет сияқты өнім дайындай бастады. Есесіне қазір бес мың адамды жұмыспен қамтып отыр. Мұндай мысалдар көп. Бір өкініштісі, тәуекелге бел буып, адал еңбек, маңдай термен осындай дәрежеге жеткен азаматтар насихатталмайды. Теледидарды қоссаң әнші, биші, әзілкештерден көз тұнып, құлақ сарсиды. Осыны көріп өскен ұрпақ не тәрбие алады? Жеңілдің асты, ауырдың үстімен жүріп танылып алсам, ақша бір күнде төбемнен құйылып түсе қалса деген түсінік пайда болады ғой.

#### Отандық компаниялар тендерді аяқтаушы болып қатысады

– Еврей мақалы бар ғой, ақылды болсаң неге кедейсің деген... Қазір бизнес саласында талпынып жұмыс істеп жүрген жастар да баршылық. Бірақ қайсымен сөйлессең де «тендер» деп теңселіп жүреді.

– Өкінішке қарай, құрылысқа көбіне біздің отандық компаниялар тендерді ұтушы болып қатыспайды, тендерді аяқтаушы болып қатысады. Яғни, мердігер. Ең бірінші проблема жоғарыда айтылған инжиниринг, яғни жобалау жұмыстары. Инжиниринг көбіне бізде шетелде жасалып жатыр. Шетелдік компания жасағаннан кейін міндетті түрде олар өздеріне та-



ныс, өздеріне белгілі шетелдік компанияны жобаға кіргізіп қояды. Мысалы, модульді Кореяның мынандай компаниясы шығарады дейді. Болды! Бізде де сондай модуль шығаратын компаниялар бар. Бірақ ол дүниежүзіне танылмаған, білмейді. Инвесторлардың негізгі айтатын уәжі бізде өндіріліп жатқан өнімдер дүниежүзілік мұнай-газ саласындағы стандартқа сай келмейді. Одақтың алдына қойып отырған мәселесінің бірі мұнай-газ саласындағы отандық стандарттың қабылдануына қолғабыс тигізу және отандық компанияларға дүниежүзіндегі қалыптасқан стандарттар бойынша кеңес беру.

#### Құйтырқылықты алдын алу керек

– Сонда Сіз айтып отырған қаржының қаншасы шетке кетіп жатыр, біздің отандық компаниялар үлесіне тиетіні қанша?

– Нақты дәлел жоқ. Бірақ басым көпшілігі қазір сыртқа кетіп жатыр. Оны мойындау керек. Өйткені, біздің ұлттық компаниялар мердігерліктен аса алмай отыр. Бірен-саран, жүйелі жұмыс істеген «ТШО» «КиПиАй» сияқты мұнай өндірушілердің сеніміне кірген алдыға тартар 1-2 компания бар. Ал басқасы көмекті Алладан күтіп отыр, шынын айтқанда.

#### – Сонда оларға не кедергі? Неге жұмыс істей алмайды?

– Қазіргі проблема заң. Өйткені шетелдік компания айтады, біз заңның аясынан шығып отырған жоқпыз деп. Соған қарағанда инвестормен отандық компания қарым-қатынасын реттейтін заңдық күші бар құжат қажет сияқты. Экономикалық китүрқылықтан да біз кештеу қалып қойғанбыз. Олар дамып кеткен мемлекеттер ғой. Экономикалық ойындардың әртүрлі тәсілдерін қолданады. Оны біз үйреніп болам дегенше олар тағы біреуін ойлап табады. Ақша жүрген жерде ақылды адамдар жүреді. Ақылды адамның бәрі де көбірек ақша тапқысы келеді. Ол заңдылық. Заңдылыққа біз тежеуіш бола алмаймыз. Оған бір жағынан қуанамыз. Неге дейсің ғой, ол да бізді ойлануға, алға ұмтылуға, олардың тәсіліне тәсіл қолдануға, олармен тіл табысуға үйретеді. Бізді де дамытады.

– Сонда әркімге жем болып барып даму керекпіз бе?

– Егер бұл сала бізде баяғыдан дамып, тәжірибеміз толысқан болса, онда бұл ісіміз сорақы деп байбалам салуға болар еді. Мұнай-газ сервис саласы бұрын біз көрмеген, білмеген істер ғой. Біз енді-енді үйреніп жатырмыз. Мұнай қоры көп мемлекеттер бұл жолды өткен. Арабтар да, норвегиялықтар да. Мұнайды өңдеп, өндіру жолдарын нық меңгеріп алған Англия, Америка сияқты мықты-мықты мемлекеттер келіп, мұнайдың өндіріп берейік, одан өзің пайда табасың деп, басында өздері 90 пайыздың үстінде пайдасын көріп, оларға 7-8 процентін қалдырған. Соған маз болып жұмыс істеді арабтар кезінде. Оның еш сорақылығы жоқ. Бірақ кейін өздері дами келе, отандық компанияларын қорғап, табыс көзі осы екенін түсінген. Қазір табыс көзі екі ортада қатты бөлінген. Арабтарда 90 пайызы өзінде қалады да қалған 7-8 пайыз инвесторға қалады.

#### – Біздің мемлекет осы межеге қашан, қалай жетеді?

– Қазір мемлекеттік деңгейде экономиканы ұлттандыру саясаты жүріп жатыр. Бәрі өзімізге байланысты. Қаншалықты біз жылдам қимылдап, жылдам түсініп, жылдам нарыққа бейімделеміз, соғұрлым сол деңгейге жетеміз. Бір жағынан бұл жерде мінез де керек. Қандай мінез дейсің? Көбі патриоттықты басқаша түсініп жатады. Тіл, мәдениет, салт-дәстүрді айтады. Қарның аш болса қандай мәдениет керек. Отандық компанияны басқарып отырған жігіттер шетелдік компания басшыларынан кем емеспін деп ойлау керек. Тапқан табысына коттедж, қымбат көлік ала бермей өзінің өндірісіне қажет кәсіби маман дайындауға, өндірісін жүйелі түрде дамытуға салу керек. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға мемлекет те барынша қолдау көрсетіп жүр. Біздің «Қазсервис» Одағы осы мұнай-газ саласын басқарып отырған энергетика министрлігімен және Ұлттық Компания «Қазмұнайгаз» басшыларымен тікелей жұмыс істейді. Оларға да өз ұсынысымызды айтып отырмыз, парламентпен де байланысымыз бар. Әзірге осы мұнай газ саласындағы индустрияны зерттеп жатқан біздерге толық мүмкіндік берілді. Қалғанының көзін ашу біздің міндет. Сондықтан жатпай тұрмай, осы бағытта жұмыс істейміз.

ult.kz порталы

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Банктер асықпайды

Қазақстанда жеңілдетілген автонесиеу бағдарламасы басталғанына біраз уақыттың жүзі болды. «Қазақстан даму банкі» АҚ басқармасының төрағасы Болат Жәмішев: «Бағдарлама, негізі, басталды және келісімдерге қол қойылып жатыр, бұл дегеніңіз бағдарламаның басталғаны», – деп мәлімдеген болатын.

– Екінші деңгейлі банктер қарызгерлер пұлын жинағаннан кейін олар сол ақпаратты «Қазақстанның даму банкіне» жібереді. Біз талаптардың шартқа сәйкес болуын қараймыз. Ең алдымен тиімділік жарнасының 7,5% жоғары болмауы, алдын-ала төлемнің 20% жоғары болмауы, қарыз алу мерзімінің 5 жылдан көп емес болуы керек. Егер осы талаптар сақталса, біз келісім береміз, адамдар несие ала бастайды, – деген болатын Болат Жәмішев мырза. «Қазақстан даму банкінің» баспасөз парақшасында көрсетілгендей, отандық өндірістегі жеңіл автокөлікті сатып алуға Қазақстан үкіметі бекіткен несие беру талаптарына мыналар жатады – жарнаның 4% жылдық сыйақы мөлшерінен аспауы, бұл ретте, жылдық тиімді жарна 7,5%-дан аспауы керек. Несие беру мерзімі – 5 жылдан аспау керек, несие теңгемен беріледі, жеңіл автокөліктің біреуінің құны – 5.6 млн аспауы керек. Несие алушыларға автокөліктердің 50 түрі ұсынылады.

Бұған дейін хабарланғанымыздай, Қазақстанда отандық автокөлік өндірісін қолдау үшін мемлекет 20 млрд бөлінген болатын. Оның 15 млрд – жеке тұлғаларды жеңілдікпен несиелесе, 5 млрд теңгесіне – заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін автокөлік лизингісіні қарастырылған.

Жеңілдетілген несиелен көлік беру бойынша мемлекеттік бағдарлама басталып үлгерместен бірнеше банк өтінімдерді қабылдауды тоқтатты. Бұл туралы kolesa.kz сайты жазған еді. Басылымның хабарлауынша, сатып алушылардың ең көп бөлігі «Бипэк авто» дилерлік орталығына барған. Бағдарламаның басталғанына небәрі екі күн өтсе де, «Ресей Сбербанкінен» басқа банктер мемлекеттік бағдарламамен несие беруге өтініш қабылдамаған.

Автоорталық менеджерлерінің хабарлауынша, Алматыда екі күннің ішінде 1 500 адамнан жеңілдетілген несиелен көлік алуға өтініш келіп түскен. Мұндай үлкен сұраныс Астанада да байқалуда. Ба-

сылым мемлекеттік бағдарлама бойынша жеңілдетілген несиелен көлік алып үлгерсе

алмағандарға әлі де күте тұруға кеңес береді.



# ТЕНГЕ ТЕГЕУРІНДІ МЕ?

## Банк мүмкіндігі

Бұған дейін Үкіметтің кеңейтілген отырысында Ұлттық банкі төрағасы Қайрат Келімбетов мырза елді абдыратып тастайтын бір сәттік «шок» девальвация болмайтынын айтқан еді. Ресейдің «Жоғары экономика мектебі» ұлттық-зерттеу университетінің «Даму орталығының» сарапшылары «Қазақстанда биылғы күзде 35 пайыздық девальвация болған жағдайда бұған қазақстандық банктер шыдас бере алмайды» деп мәлім етті. Бұл туралы аталмыш зерттеу университетінің мамандары жүргізген зерттеулерге сүйенсек, қазақстандық банктер қазіргі активтерімен тек 10 пайыздық девальвацияға ғана шыдас бере алады, ал қайсыбір сарапшылар айттып жүргендей 35 пайыздық девальвация Қазақстан банктерінің тығырыққа тірейді. Ресей мамандарының пайымдауынша, Қазақстан банктері техникалық тұрғыда таза 20 пайыздық теңгенің құнсыздануынан аман өтуі мүмкін. Алайда құнсыздану 20 пайыздан асып кетсе, банктерде болуы мүмкін шығын үшін қосымша қор ашуға тура келеді.

Ал отандық сарапшылардың пайымдауынша, біз қазірде ұлттық валютамызды құнсыздандырмай, тежеп ұстап тұру үшін бірқатар тәуекелдерге барып отырмыз. Оның негізгісі – біз ең алдымен алтын-валюта қорын ортайтып алып жатырмыз.

## Мұнайдан мән кетті

Биыл әлемдік нарықтағы мұнай бағасы бұрын-соңды болмаған деңгейде төмендеді. Осыған орай біздің елде мұнайдан түсетін түсім азайып, бюджет қоржыны босады. Экспорттаушылардың да табысы азайғаннан кейін олар Үкіметтен көмек сұрай бастайды. Жалпы, сыртқа тауар шығаратын компаниялар үшін теңгенің құнсыздануы тиімді. Біз үнемі экспортқа тауар шығарушыларды қолдау үшін теңгені девальвация жасаймыз. Себебі, ел бюджетіне экспорттан түсетін түсім жоғары. Сондықтан олар үшін доллардың

Таяуда Standard & Poor's (S&P) халықаралық рейтинг агенттігі Қазақстанның биылғы жылы теңгені тағы да құнсыздандыруы мүмкін екенін айтты. Себебі, әлемдік нарықтағы мұнай бағасы әлі де тұрақтанбай отырғанын, бұған қоса Ресейдің экономикасы да әлі тоқыраудан арылмағанын, осыған орай Қазақстанның Ұлттық банкі теңгені біртіндеп әлсіретуге жол беретінін мәлім етті.



құнын өсіріп, теңгені құнсыздандыру тиімді болып келді. Өйткені олар алыс-беріс сауда-саттықты теңгемен емес, доллар арқылы жасайды. Бұл жерде тағы мұнай бағасының ұлттық валютаның құнын ұстап тұруға әсер ететінін байқаймыз. Қазір мұнайдан түсетін түсім де азайды. Енді сол азайған түсімнің орнын толтыру үшін біздегі экспорттаушылар тауарын қымбатқа сату керек. Ол үшін доллар қазіргідей 180-182 теңгенің айналасында болса түсім көбеймейді. Сондықтан бюджетке түсетін түсімді көбейту үшін долларды қымбаттатып, теңгені түсіруге тура келеді. Бұл әрине алыс-беріс саудада доллардың қымбат болуы экспорттаушылар үшін, бюджетке түсім әкелуі үшін де тиімді. Бірақ өкініштісі, бұдан қарапайым халық қиыншылыққа түседі.

Дегенмен, қайсыбір сарапшылардың пайымдауынша, теңгені құнсыздандыру бұл экономикаға уақытша ғана дем беру. Егер ел экономикасы тегеурінді, ұлттық валютамыз тұрақты болсын десек, біз болашақта отандық өндіріске серпін беруіміз қажет.

## Алтын-валюта қорымыз азайды

Жұмаділда БАЯХМЕТОВ, экономист-ғалым:

– Білесіздер сәуір айында мәлім болғандай, Қазақстанның халықаралық резервтері, оның ішінде Ұлттық банктің алтын-валюта қоры мен Ұлттық қор активтері 0,2 пайызға азайып, 98,686 миллиард долларды құрады. Ұлттық банк дерегіне, алтын-валюта қоры жыл басынан бері 0,63 пайызға азайып,

1 мамырдағы мәлімет бойынша 28,737 миллиард долларды құраған. Ұлттық қор активтері жыл басынан бері 4,91 пайызға кеміп, 69,949 миллиард доллар болған. Жақында Дүниежүзілік банк есебін жариялап, Қазақстан 2014 жылдың мамырынан бастап 2015 жылдың наурызына дейінгі аралықта теңгенің айырбас бағамын қолдауға 17 миллиард АҚШ долларын жұмсағанын хабарлаған. Міне, осылайша біз теңгені қолдау мақсатында алтын-валюта қорын азайтып алып отырмыз. Бұл туралы біз бұған дейін де айттық, жаздық. Теңгені қолдан қолдау қордағы ақшаны кемітетін де баса айттық. Жалпы, біз ұлттық валютаны қолдау үшін үлкен тәуекелдерге барып отырмыз. Ұлттық банк қанша жерден теңге құнсызданбайды десе де, баяулап долларға бір теңгеден қосылып келеді. Қазір Алматыда бір долларды сатып алу құны 186.2 теңге болып тұр. Мұны біз байқап отырмыз. Ал енді бұл арада бізге мынаны ескеру керек, Ресей өз экономикасын әлдендіру үшін енді болашақта арзан импорттан бізге тоғытып біздің ішкі нарықты одан әрі жаулай түседі. Бұл біз үшін өте қауіпті тұс. Егер Ресейден аразан тауар одан әрі ағыла беретін болса онда отандық өндірістің тауар өтімділігі одан әрі төмендейді. Экспорт-импорт қатынасында отандық өндірісшілер доллармен айырбас жасайды. Экспорттаушылардың пайдасын еселеп, бюджетке түсетін түсімді көбейту үшін атқарушы билікке амалсыз теңгені құнсыздандыруға тура келеді. Олай етпесек, экспорт-импорт қатынасында бізге пайда келмейді.

Сарапшылар мұнай бағасының өсуіне Минскте өткен кешегі кездесу әсер етті дейді. Енді Украинадағы ахуал реттелсе, Ресейге салынған экономикалық санкциялар біраз жеңілдеуі мүмкін. Ондай жағдайда мұнайдың саудасы қыза түседі дейді сарапшылар. Сондай-ақ, әлемдегі өндірушілердің шығынды қысқартуы да мұнай бағасының өсуіне себеп болған.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Күмәнді несиелер төмендеді

Қазақстанда жыл соңына дейін күмәнді несиелердің үлесі 10 пайызға дейін төмендеуі мүмкін. Былтыр ол көрсеткіш 35 пайыз болған.

Елімізде берілген әрбір үшінші несие нашар болған. Бұл туралы бүгін Халықаралық қаржы қорының Кавказ және Орталық Азия жөніндегі баяндамасының таныстырылымы кезінде Ұлттық Банкі төрағасы мәлімдеді. Қайрат Келімбетов өзге банктер акцияларын кепілге қойса, Ұлттық Банкі кез келген банктің проблемалық активтерін сатып алу туралы келіссөздерді жүргізуге дайын екенін жеткізді. Барлығы қаржы институтының Қазақстан экономикасындағы алатын орнына байланысты. Девальвациялық болжамдарға келсек, Бас қаржы құрылымы негізгі міндеттерінің бірі баға тұрақтылығын қамтамасыз етіп, инфляцияны бақылауда ұстамақ. Инфляциялық көрсеткіштерді орта мерзімді кезеңде бақылауда ұстау үшін жаңа амалдарды қарастыруды көздеп отыр.

Бүгінде қарапайым тұтынушының той-томалақ үшін алған несиелерінен бөлек сан алуан ірі жобаларға бөлінген қаражатты да ұмытпау қажет. Осындай «құмға сіңген» қарыздың қарапайым халыққа берілген несиелерден (2 трлн. 200 млрд. теңге) бірнеше есеге артық. Осына қаржыны сызып тастап отырғанда, әуірімдеп жүріп несиеге баспана алған, кейіннен жолы болмай банктегі кепілде тұрған жалғыз баспанасынан айырылуға дейін барған қатардағы қарапайым жұртшылықтың мәселесі бірінші кезекте қарастырудың маңызы зор.


## Ғылым мен бизнес түйіскен алаң

«Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы» АҚ-ы қазақстандық стартаперлер, ғалымдар, инженерлер мен іскерлік орта өкілдерінің қатысуымен екінші «Инновациялық көпір: ғылым және бизнес» деп аталатын Диалог алаңы өтті. Екінші «Инновациялық көпір: ғылым және бизнес» Диалог алаңында 30 инновациялық жоба таныстырылады.


Диалог алаңы стартаптардың ғылыми-техникалық жобаларына қаржы көздерін тарту, инновациялық саладағы субъектілер арасында келісімшарт жасалуына ықпал етуді көздейді. Бұл шараны «Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы» АҚ ұйымдастырып отыр. Қатысушы тараптар іскерлік ортаның, инженерлік және ғылым-білім саласының, ғылыми-зерттеу нәтижелерін коммерциализациялау мәселелерін жан-жақты талқылады. Айта кетейік, диалог алаңының бірінші отырысы ағымдағы жылдың 18 наурызында өткен болатын.

Екінші Диалог алаңының қатысушылары перспективалық ғылыми-техникалық зерттемелерді жалпы қоғам мен экономиканы дамытудағы ғылым мен бизнес арасындағы әріптестік байланыстың формалары мен әдістері мәселелерін талдады. Инновациялық жобаны коммерциализациялау, жаңа

зерттемелерді нарықта кәдеге жарату және тұтынушы үшін күрес көзқарастары тұрғысынан қаралып, нақтылы анықталған шектеулер мен өзекті мәселелері сөз болды. Машина жасау, фармацевтика, агросектор, медицина, IT-технология, биотехнология, химия өнеркәсібі, мұнай өндіру, энергетика және тау-кен ісі салаларындағы жобалар таныстырылды.



# Кәсіпкер болғысы келгендерге кеңес



Шағын және орта кәсіпкерлік – экономиканың күретамыры, қозғаушы күші. Өркениетті елдерде экономиканың тірегі – осы салалар. Қазақстан да соңғы кездері бұл салаға жете көңіл бөліп, мойын бұра бастады. Десе де, осы бір бизнес саласы, жоқ жерден бар жасап, шаруа тайқазаны бұрқ-сарқ қайнап кете қоймайтын, қыр-сыры, әдіс-тәсілі, жұмбақ қалтарысы мол сала. Сондықтан, мен осы саланың ыстық-суығына 15 жыл бойы күйіп, сүрініп-жығыла жүріп еңсемді көтеруге ерік-жігерім, біліктілігім жеткен кәсіпкер-журналист ретінде өз тәжірибемнен қорытқан ойларымды оқырман назарына ұсынып, оны әрі қарай нақты іс-тәжірибемде ашып берсем артық болмас.

\* \* \*

Шағын бизнесті бастаған кезде дереу байып кетемін деп ойламау керек. Мұнда, ең бірінші, Құдайға сеніп, сонан соң өзіңе сеніп жұмысты жасқанбай, тәуекел етіп бастағаның жөн.

\* \* \*

Бизнесте ұшырасатын барлық қолайсыздықтарға шыдас берсең, кейін

оның жемісі болмай қоймайды. Бұл үшін өзгелердің кәсіпкерлігіне қарап, ақыл-кеңестерін тыңдап, түрлі әдебиеттерді оқып отыруың қажет.

\* \* \*

Шағын бизнесті екі адам болып бірігіп бастап және одан аспауы керек. Өйткені, жалғыз өзіңе қиын болады. Ал, үшінші адам серіктессе, алауыздық туындайды. Бизнес дегеніміз күндіз-түні тынымсыз еңбек етуді қажет етеді. Сондықтан да, өзіңе сенімді серіктес іздеп тапсаң, олардың қаржысы мен күш-қайраты, білімі қосылып, ісің сәтті бола түспек. Сондай-ақ, ақшаға құнығып, сарсылып еңбек ете берудің денсаулыққа зиянды болатынын да ескеру қажет. Өйткені, ауыр істен зорығып, дертке шалдықсаң, еңбек ете алмайсың ғой.

\* \* \*

Көптеген туыстарымның, достарымның және бизнесті бірден мол табыспен бастағысы келген адамдардың тірлігіне үйілгенде, мынандай қорытындыға келіп жүрмін: бизнесті бастаймын деп мол несие алғанда тұрғын үйін кепілдікке қойғандардың көпшілігінің соңынан сәтсіздікке ұшырағанын жиі кездестіремін. Кепілге қалай үйді қойдыңыз, солай үйіңізден мүлдем айрылдым деп біліңіз. Мұның өзі Құдайдың ісі ме, әлде адамның орашолоқтығы ма – ол жағын ашып айта алмаймын, менің нақты бір байқағаным, тұрғын үйін кепілге қойып, несие алғандардың жолы болған емес.

\* \* \*

Егер шағын мекеме ашқыңыз келсе, тек қаланың орталығынан ғана ашсаң мол табысқа кенелесің деген қағидаға құлай сенбе. Мәселен, Алматының қақ ортасындағы Мұқан Төлебаев атындағы көше бойында жұрт сирек жүреді. Бұл көшеден үй сатып алып, шағын мекеме ашып, пайда түсіре алмай, шығынға ұшырағандар аз емес. Меніңше, базарлар мен жұрт жиі жүретін көшелердің бойынан ғана шағын мекеме ашқан тиімді. Ал, қаланың орталығындағы жұрт жиі жүрмейтін қалтарыс көшелерге карағанда, халық

ағылып жатқан шет жақтағы көшелердегі шағын мекеменің табысы әлденеше есе артық болатынын есіңе мықтап түйгейсің. Сондай-ақ, кәсіпорынның көлемі емес, тауарың, клиентің мол болсын. Мәселен, бір жерден екі мекеменің бірін таңдап алмақ болдыңыз делік. Оның біріншісінің көлемі 100 шаршы метр, ауласы, бөлмелері кең. Ал, екіншісінің көлемі 50 шаршы метр, жері, ауласы жоқ. Бизнесті түсінбесеңіз, әрине, сіз 100 шаршы метр мекемені қалар едіңіз. Ал, мен оның 50 шаршы метр шағынын таңдаймын. Неге? Себебі, екеуінен түсер пайда бірдей мөлшерде болмақ. Ал, көлемі шағын мекеменің шығыны аз болады, суға, жерге, тағы басқа да толып жатқан төлемдер мөлшері азайып, табыс көзі молаяды.

\* \* \*

Шағын мекемеде тауарлардың түр-түрі мол болсын, әрі оның қайсысы болса да жетпей қалмасын.

\* \* \*

Қызметкерлерді жұмысқа алған кезде міндетті түрде келісімшарт жаса. Ал, қызметкерлерді мүмкіндігінше отбасын құрып үлгермеген қыздардан таңдап алғаның жөн. Соның өзінде олардың ақылдылығынан гөрі, адалдығын жоғары бағала. Қазір көптеген кәсіпкерлер осындай тәсілді қолдана бастағанын байқайсың. Әрине, отбасы бар, баласы бар әйелдердің мекемеде сарылып тұра алмай-тыны түсінікті. Сондықтан да, үкімет, заң шығарушы орган балалы әйелдерге және жүкті болған кезеңде оларға төленетін төлемақы қорын жасауды ойластыратын мезгіл жеткен секілді. Ал, кез келген кәсіпкер бұл үшін қалтасынан қаржыны шығара алмайтыны белгілі.

\* \* \*

Жұмысқа туыстарыңызды алуудан аулақ болғайсыз. Туысқа басқаша жағдаймен қол ұшын берген жақсы.

\* \* \*

Кіріс пен шығыс жазылатын құжаттарды ұқыптап жасап, сақтай біл. Ол қай кезде де қажет болмақ.

\* \* \*

Шағын кәсіпорынның айналасында жүрген адамдарды бөле-жармай тіл қатысып, әңгімеге тарта біл. Өйткені, олар сіздің кәсіпорыныңыздан тұрақты түрде тауар алып, табысыңызды үстемелейді.

\* \* \*

Шағын мекеменің иесімін деп шіреніп отырмай, ұсақ-түйек шаруаның бәрін атқарудан арланбаңыз. Мұндайға қызметкерлеріңізді де дағдыландырыңыз.

\* \* \*

Кәсіпорыныңызды, тауарларыңызды, бизнесіңізді жарнамалауға сараңдық жасамаңыз. Мекемені немесе кәсіп ететін орныңызды таза ұстаңыз. Оның маңайын көгалдандырып, әсемдей біліңіз.

\* \* \*

Бизнес туралы жаңалықтарды білуге дағдыланыңыз. Тек жарнама арқылы ғана емес, базарлар мен жеке кәсіпорындарды аралап, өзгерістерді көзіңізбен көргеніңіз жөн. Өйткені, бизнес әлемі ай сайын ғана емес, күн сайын өзгеріске түсіп отырады.

\* \* \*

Бір жеке кәсіпорын ашып, оны толық жолға қойғанша екінші жеке кәсіп ашуға болмайды. Шығынға ұшырауыңыз мүмкін.

\* \* \*

Сіздің жеке кәсіп ашқаныңызды естіген дос-жарандарыңыздың арасында қарыз сұраушылар көбейеді. Мұндайлар ашық айтқанда ұяты аз адамдар. Олар қарыз алғанымен, оны қайтара қоймайды. Сондықтан да, қарыз берген екенсің, оны арнайы дәптерге жазып қойыңыз. Қарыз сұраушылар болса, қарыз алғандардың тізімін көрсетіп, олардың қарызды қайтармайтынын түсіндіріңіз, сізден қарыз алғысы келгендердің беті қайтады.

\* \* \*

Жеке кәсіпорында тауар әкелетіндермен дереу есеп айырысуға дағдыланыңыз.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Экономикалық аймақ ел игілігіне қызмет етуде

Арнайы экономикалық аймақ шеңберінде бизнесті өркендету өте тиімді. Бүгін Астанада арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының үшінші съезінде және Латвия-Қазақстан инвестициялық форумында бұл бағытта дамыту мәселесі жан-жақты талқыланды. 2012 жылдың соңында ашылған электровоз құрастыру зауыты елордадағы арнайы экономикалық аймағы аясында жұмыс істейді. Мұнда бүгінде 330 адам еңбек етуде.

Зауыт ашылғаннан бері 26 электровоз шығарылды. Ал биыл жыл соңына дейін 11 дайын өнімді шойын жолға түсіру көзделіп отыр. Оның 9-ы жүк, ал екеуі жолаушылар тасымалдайды. Сондай-ақ, 2018 жылдың соңына дейін 50 электровозды Өзбекбайжанға экспорттау жоспарланған. Бұл кәсіпорын Қазақстан-Ресей-Француз елдерінің бірлескен зауыты. «Басшылығы экономикалық аймақ аясындағы жеңілдіктердің пайдасы қомақты. Кәсіпорынның арнайы экономикалық аймақ аясында құрылған бос қойма бар. Соның арқасында зауытқа келетін қосалқы бөлшектерді алған кезде кедендік рәсім жеңілдей түскен. Зауыттан дайын өнімді шығарған кезде де кедендік баж салығын төленбейді.

Арнайы экономикалық аймақ аясында 500-ге жуық компания тіркелген. Алайда олардың бүгінде 121-і ғана жұмыс істейді. Үшеуі – шетелдік компаниялармен бірлесіп еңбек етуде. Кәсіпорындарға 400 миллиард теңгеге жуық жеке инвестиция тартылған. Ал шығарылған өнім құны 700 миллиард теңгеден асқан. Тағы 74 зауыт салынууда.



«Ақтау теңіз порты» даму көрсеткіші жағынан еліміз бойынша «Астана – жаңа қала» экономикалық аймағынан кейін 2-орында тұр. 12 жыл бұрын құрылған аймаққа осы күнге дейін 30 млрд теңге инвестиция құйылып, 223 млрд теңгенің өнімі өндірілген. Ал «Қорғас – Шығыс қақпасы» экономикалық аймағы бүгінде бірқатар қиындықтарға тап болған. Салдарынан жұмыс толық қуатта қарқын ала алмай тұр.

– Түйткілдердің бәрі құжаттарға байланысты. Яғни кәсіпорындар қажетті рұқсат қағаздарын ала алмай отыр. Соның салдарынан қаржыландыру мәселесі оң шешімін таппауда. Мамандардың айтуынша, бұл уақыт еншісіндегі мәселе. Жалпы Қазақстан аумағында бүгінде 10 арнайы экономикалық аймақ бар. Мемлекет тарапынан қарастырылған жеңілдіктердің арқасында олар елімізде түрлі саланы дамытып отыр. Сұранысқа қажетті тауарлармен ел халқын қамтамасыз етуде. Арнайы экономикалық аймақтардың арқасында Қазақстан инвестиция тарту жағынан өңірлік көшбасшы болып отыр деуге толық негіз бар, – дейді «ҚР Экономикалық аймақтар кәсіпкерлері қауымдастығы» ЗТБ басқарма төрайымы Эльмира Шаймерденова.